Әділет

**"Бір жолғы талондарды беру Ережелерін бекіту туралы" ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 30 қазандағы N 1469 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 417 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 22 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1832. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 618 Бұйрығымен.

*Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2008.12.29* N 618 *Бұйрығымен.*

*--------------------- Бұйрықтан үзінді -------------------*

*"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексін (Салық кодексі)" қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының* 36-бабына *сәйкес БҰЙЫРАМЫН:*

*1. ...*

*2. ...*

*3. Кейбір бұйрықтар осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес жойылған деп танылсын.*

*4. ...*

*5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындайтын қатынастарға қолданылады.*

*Қазақстан Республикасының Қаржы Министрі Б. Жәмішев*

*Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 618 бұйрығына 9–қосымша*

*Күші жойылған деп танылған кейбір бұйрықтардың тізбесі*

*1. ...*

*2. "Бір жолғы талондарды беру Ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 30 қазандағы N 1469 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 417 бұйрығы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1832 болып*

*тіркелген, Нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, 2002 жыл N 21).*

*3. ...*

*4. ...*

*5. ...*

*6. ...*

*7. ...*

Бір жолғы талондарды беру тәртібін ретке келтіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бір жолғы талондарды беру Ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 30 қазандағы N 1469 V011685_ бұйрығына мынандай толықтырулар енгізілсін:

Аталған Бұйрықпен бекітілген Бір жолғы талондарды беру Ережелерде:

7-тармақ мынандай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Бір жолғы талондар базарларда сатуды жүзеге асыратын тұлғаларға базарларда сату - қызмет түріне беріледі. Көрсетілген осы қызмет түрінің бір жолғы талонының құны кіріс алынатын объектінің орналасқан жерін, түрін, қызметті жүзеге асыру жағдайларын, сапасы мен көлемін, сондай-ақ қызметпен шұғылдану тиімділігіне ықпал ететін басқа да факторларды ескере отырып белгіленеді.".

2. Өндірістік емес төлемдер департаменті (Ю. Тілеумұратов) осы Бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін. 3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Вице-Министр С. Қанатовқа жүктелсін. 4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді. Министрдің м.а. Мамандар: Омарбекова А.Т. Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК